Қазақстан Президентінің айтуынша, геосаяси тұрақсыздық пен аумалы-төкпелі халықаралық ахуал жағдайында өтіп жатқан бүгінгі кездесу Ұйым жұмысына тың серпін беруге тиіс.

– Біздің ел Эзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жасауға деген ұмтылыстарын құптады. Сонымен қатар Орталық Азия аймағындағы мемлекетаралық шекаралардың жекелеген бөліктерін заңдық тұрғыдан ресімдеуді аяқтау ісінде айтарлықтай ілгерілеу бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы жаһандық ынтымақтастық пен даму үдерісіне елеулі үлес қосып келе жатқан тиімді өңірлік ұйым ретінде халықаралық деңгейде кеңінен мойындалғанына тоқталды.

– Достастық БҰҰ-ның түрлі құрылымымен, сондай-ақ басқа да көптеген халықаралық және өңірлік ұйыммен ұтымды байланыс орнатты. ТМД-ның әлемдік аренадағы беделі артып келеді. Былтыр ТМД жанындағы Бақылаушы және Серіктес мәртебесі бекітілді. Бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және ашықтығын көрсетеді. Осы жүйелі жұмысты жалғастырып, «ТМД +» форматын құру туралы мәселені қарастырды ұсынамын. Мұндай алаң Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, әлем экономикасында тұрақсыздық белең алып тұрған жағдайда сауда-экономикалық ықпалдастық мәселелері ұдайы назарда болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТМД нарықтары қашанда маңызды екенін жеткізді. Еліміздің сыртқы тауар айналымының төрттен бір бөлігінен астамы осы нарықтың еншісінде.

– 2023 жылы қабылданған Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы және инвестицияларды жүзеге асыру туралы келісім сауда-экономикалық байланыстарымызды жан-жақты тереңдетуге ықпал ететініне сенімдімін. Сонымен қатар өнеркәсіптік кооперация, кендік реттеуді оңтайландыру, жаңа логистика тізбектерін қалыптастыру, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері бойынша ықпалдастықты күшейту жұмыстарын жалғастырудың маңызы зор. Бүгінде жәрмеңке саудасына сұраныс жоғары. Осыған орай «Достастық жәрмеңкесі» атты мемлекетаралық бағдарламаны іске қосуды ұсынамын. Оның аясында ТМД елдерінің түрлі қалаларында жыл сайын сауда-саттықтың көрігін қыздыратын іс-шаралар өткізуге болады. Оған бүкіл Еуразия өңіріндегі шебер-

(Жалғасы 2-бетте) ➔

## ҮКІМЕТ

## ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢГЕ ЖӘНЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ТЕКСЕРІЛДІ



**Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді. Оған министрлік өкілдері, облыс және қала әкімдері қатысты.**

Күн тәртібінде үш мәселе: келесі жылғы су тасқыны қаупі бар кезеңге дайындық, жеке сектордағы жылу беру маусымы, коммуналдық және жол қызметтерінің қысқы кезеңге дайындығы қаралды.

Вице-премьер Қанат Бозымбаевтың тапсырмасы бойынша өңірлердің 2025 жылғы су тасқыны қаупі бар кезеңге дайындығына тексеру жүргізілді.

Бүгінгі таңда өңірлерде 122,6 шақырым дренаж жүйесі салынып, жөнделді, 1545 су өткізу құрылысы орнатылып, ауыстырылды, 1270 шақырым канал мен 21 069 шақырым арық тазартылды, 101 гидротехникалық құрылысқа ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Сонымен қатар тексеру нәтижелері бірқатар облыста өзен арнасы жағалауын нығайту және түбін тереңдету бойынша жұмыстар әлі аяқталмағанын көрсетті. Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының 84 елді мекенінде күрделі құрылыс, қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру және нығайту жұмыстары жүргізілуде.

«Өңір әкімді күздің соңына дейін елді мекендердің айналасына топырақ үю, су бұру арналарын тазарту және өзендерді қалыпқа келтіру жұмыстарын аяқтау керек. Су ресурстары және ирригация министрлігі гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және жаңғырту жұмыстарын жеделдетуі қажет», — деп тапсырды Премьер-Министрдің орынбасары.

ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі.

## БӘРЕКЕЛДІ!

## ТУ КӨТЕРГЕНДЕР ТҰЛПАР МІНДІ



**Бокс - аса танымалдыққа ие спорт түрі. Оның елімізде дамуына Жамбыл аймағы, оның ішінде Шу өңірі өзіндік үлес қосты. Өйткені ауданымыздан КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушы Ю. Цхай, ұлттық құраманы тізгіндеген Д. Буданбеков, мықтыларды баулыған С.Төлеубаев, Қ.Қаршығабеков сынды бокс ұсталары түлеген.**

Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген даналық бар. Оның өміршеңдігін жерлесіміз, бокс бапкері Асқар Еркебаев дәлелдеп жүр. Ол 2009 жылға дейін Шу қаласындағы бокс мектебінде машықтырушы болғанын шулықтар жақсы біледі. Жуырда ғана Президент қолынан «Парасат» орденін алған белгілі жаттықтырушы Париж олимпиадасында жасындай жарқылдаған ағайынды Айбек пен Нұрбек Оралбайлардың жеке бапкері. Ал Нұрбектің олимпиаданың күміс жүлдесін иемденгені баршаға белгілі.

Былғары қолғап шебері болуды армандайтын балалар олимп жұлдыздарына қарап бой түзейтіні де анық. Осы арайда тиісті министрлікке қарасты Спорттық дамыту дирекциясының жаттықтырушысы Асқар Берікбайұлы туған жеріне төл шәкірті Нұрбек Оралбайды ерте келді. Көгілдір экраннан кескілескен айқасқа куә болған балғын боксшылар чемпионмен дидалрасып, көкейдегі сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.

Құрметті қонақтарды қарсы алу шарасы «Тарлан» спорт кешенінде өтті. Атап айтқанда Шу ауданының әкімі Бақытжан Жәнібеков чемпион мен оның бапкеріне жылы лебізін жеткізіп, бұл жүздесудің жас ұрпақ үшін үлкен мотивация болатынын айтты. Сонымен өңір жұртшылығы атынан қос мейманға қазақы дәстүрмен тұлпар тақымдатып, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы мен әкесі Берікбай ақсақалға шапан жапты. Бұдан кейін де бірқатар тұлғалар өз ықыластарын арнап жатты.

Өз кезегінде Асқар Берікбайұлы мен шәкірті жерлестердің құрметіне алғысын білдіріп, өңір спортының өрге басуына тілектестік білдірді.

Шара соңында халықаралық додалардың жеңімпазы, спорт шебері Нұрбек Рахатұлы жастармен кездесіп, шеберлік сағатын өткізді. Сондай-ақ бокстағы білген-түйгенін үйретіп, балғын жерлестеріміздің сауалдарына жауап берді.

Еске сала кетейік, Нұрбек Оралбай орта және жеңіл салмақтағы әуесқой боксшы, ұлттық құрама мүшесі, былтырғы Әлем чемпионы. 2022 жылғы Азия қоласын қанжығасына байласа, 2021 ел чемпионатының жеңімпазы атанған. Жалпы, Парижге дейінгі жолы жеңіске толы болғанын айта кеткен жөн.

**Байжан ЖЕЛДЕН.**

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## ЖАН ЖАДЫРАТҚАН

**Бейсенбі күні аудандық мәдениет үйінде аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен, ауданымыздағы мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен «Жан жылуы» атты қайырымдылық концерті өтті. Аталмыш шараны тамашалауға жиналған қарасы қалың көрермен арасында аға буын өкілдері, түрлі сала қызметкерлері, жастар қауымы болды.**



**Динара БАТЫРХАЙРОВА,  
«Шу өңірі»**

Қайырымдылық концертіне келген көпшілік әуелі мәдениет үйінің дәлізінде орналасқан мүмкіндігі шектеулі балалардың қолымен жасалып, сатылымға қойылған колөнер бұйымдарымен танысты. Сондай-ақ, ұйымдастырушылар тарапынан мүмкіндігі шектеулі балаларға қолұшын созып, демеушілік жағдайында жасаған азаматтарға «Kaspi» қосымшасы арқылы аударым жасауға болатындығы да ескертіліп, қаражат аударылатын телефон нөмірі де сол жердегі бұйымдар қасына қойылды. Ерекше жандарға қолдау көрсетуді жөн деп тапқан азаматтар арнайы жәшікке және банк қосымшасы арқылы көрсетілген нөмірге көмек қаражаттарын аударып жатса, енді біреулері өздеріне ұнаған дүниелерді сатып алып, қайырымды іске үлес қосты. Айта кететін жайт, бұл қаражат ауданымыздағы мүмкіндігі шектеулі жандардың ем-домына, жалғызбасты қариялардың үй шаруашылығына көмекке жұмсалмақ.

Халық көптеп жиналып, арқа-жарқа басталған сәтте сазды бағдарлама да өз шымылдығын түрді. Аталмыш шара



көпшіліктің зор қошеметіне бөленген «Айжұлдыз» бишілер тобының әсем биімен басталды. Мұнан кейін, «Жан жылуы» қайырымдылық концертінің ашылу салтанатына орай, аудан әкімі Бақытжан Оразалыұлы Жәнібеков сөз сөйледі.

Ол сөзінде баланың адам жүрегінен алатын орнының ерекше екендігін тоқталып, бүгінгі шара барысында өнер көрсететін балалар мүмкіндігі шектеулі болса да, мұндай жандардың арасында шектеусіз мүмкіндікке ие жандардың барын өз өнерлерімен дәлелдеп отырғандығын тілге тиек етті.

– Бала – әрқайсымыздың болашағымыз, еліміздің болашағы. Құрметті ата-аналар! Сіздер мүмкіндігі шектеулі балаларды бағып-қағып, олардың қиялына қанат бітіріп, шектеусіз мүмкіндіктің де барына көз жеткізуге себепші болып келесіздер. «Талаптыға нұр жауар» демекші, бүгінгі мәдени шара соның жарқын дәлелі. Бұл тұста сіздердің балаларыңыздың да еңбегі орасан. Осындай балаларға барынша жағдай жасауға тырысып жүрген ата-аналар қауымына алғысым

зор.

Сондай-ақ, игі шара барысында демеушілік көрсетіп жатқан бағдарламалардың табысты аяқталып, істеріңізге береке берсін.

Жалпы, осы мәдени шараны ұйымдастырушыларға және оның лайықты өтуіне атсалысқан барша қауымға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Балаларымыз ауырмасын, зор денсаулық, бақытты балалық шақ тілеймін, деді Бақытжан Оразалыұлы. Өзінің жылы лебізінен соң, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, мүмкіндігі шектеулі балаларға, жалғызбасты қарияларға демеушілік танытып жүрген бірқатар жерлестерімізді «Шу ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапаттады. Марапатқа ие болғандар арасында психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің маманы, мүмкіндігі шектеулі бала-

(Жалғасы 2-бетте) ➔



# Үлкендер жопы ұпыпық

Еліміздің болашағы — бүгінгі жастардың қолында, ал олардың бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыруда үлкендердің өмірлік жолдары мен өсиеттерінің маңызы зор.

Осы мақсатта Қарттар күніне орай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназиясында ерекше және тәрбиелік мәні зор жоғарғы сынып оқушылары, Шу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Шу ауданының Құрметті азаматы Ержан Өмірәлиевпен кездесті.

Кездесу "Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып" тақырыбымен өтті.Бұл іс-шараның негізгі идеясы — ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты нығайту және өмірлік тәжірибелерден үлгі алу және тек адал еңбек пен елге деген сүйіспеншілік арқылы биік мақсаттарға жету.

Ардагер өз сөзінде: "Біздің міндетіміз — елге қызмет ету, ұрпақтарға жарқын болашақ қалдыру. Біз осы жолды жүріп өттік, енді сіздер біздің ізімізбен жүріп, еліміздің дамуына өз үлестеріңізді қосуларыңыз керек," – деп, жастарға өсиет қалдырды.

Кездесу барысында Ержан Көрікбайұлы өзінің өмірлік жолын, еңбек жолындағы жетістіктерін, қоғамға қосқан үлесін әңгімелеп, оқушыларға адамгершілік, адалдық және еңбексүйгіштік сияқты қасиеттердің маңыздылығын түсіндіре отырып: "Біздің заманымызда елге, жерге қызмет ету – ең үлкен парыз болатын. Біз сол жолды жүріп өттік. Енді сіздер, жас ұрпақ, сол жолды жалғастырып, жаңа соқапақ салуларыңыз керек," – деді.

Одан бөлек, оқушылар ардагерге өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, үлкен өмірлік тәжірибесі бар адамның құнды кеңестерін тыңдады. Ержан Көрікбайұлы жастардың білім алуға, туған жерге қызмет етуге ұмтылысы олардың болашақта табысты тұлға болуына



негіз болатынын атап өтті. Оқушылар үшін бұл кездесу ерекше әсер қалдырды. Олар ардагердің әңгімелерінен үлкен мотивация алды, әрі осындай кездесулердің маңыздылығын түсінді.

Ардагер кездесуде өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, Шу ауданының тарихына қатысты кітаптарын оқушыларға таныстырды. Ол оқушыларға кітаптарын оқуға кеңес беріп, әрбір кітапта ел тарихы мен тұлғалардың өмірлік жолдары туралы маңызды мәліметтер бар екенін атап өтті.

Кездесуден кейін жоғары сынып оқушылары бұл кездесудің олардың өміріне қаншалықты әсер еткенін айқын сезінді. Оқушылардың бірі: "Бүгінгі айтылған сөздер біздің болашағымызға үлкен сабақ болды. Ол кісінің өмірі бізге үлгі-өнеге. Осындай кездесулер мен тұлғалар бізге көп нәрсені үйретеді, олардың өнегелі өмір жолын білу біз үшін үлкен мәртебе" – деп өз әсерімен бөлісті.

Сыр сұхбат барысында "Үлкендер жолы

ұлылық" деген сөздің мағынасы айқындалды. Аға буынның өмірлік жолы – қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге, олардың болашағына бағыт-бағдар болары сөзсіз. Осы кездесудің негізгі мақсаты – жастарға үлкендердің өмірлік тәжірибесін жеткізу және ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайту болды. Осындай тұлғалардың даналығы мен өсиеттері жастарды патриоттыққа, елге қызмет етуге тәрбиелеуде үлкен үлес қосары сөзсіз.

Осындай кездесулер өскелең ұрпақтың рухани дүниесін байытып, олардың ел болашағына деген жауапкершілігін арттыра түседі. Ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығын түсіндірген жастарға ақыл-кеңес бере отырып, жастардың бойына үлкендердің өмірлік тәжірибесінен тәлім-тәрбие алуға мүмкіндік берген ардагеріміз Ержан Көрікбайұлына алғысымыз шексіз.

**Нүргүл ҚАДЫР, А.Байтұрсынұлы атындағы гимназияның ұстазы.**

## КОНКУРС ӨТЕДІ

2024 жылдың желтоқсан айының 3 күні Жамбыл облысы, Шу ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізіледі.

Өткізу уақыты сағат 16:00-де. Төле би ауылы, Төле би көшесі №242. Шу ауданы әкімдігінің мәжіліс залы.

Қазақстан Республикасының жер кодексінің 43-1 бабына сәйкес мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру осы бапта белгіленген тәртіппен және шарттарда шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Конкурс келесі жер учаскелеріне жүргізіледі:

| Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі |              |                 |                |                  |         |                  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------|----------------|------------------|---------|------------------|
| №                                                                                                                                                                                      | Жалпы көлемі | Барлығы егістік | оның ішінде    |                  | жайылым | Орналасқан жері  |
|                                                                                                                                                                                        |              |                 | тәлімі егістік | суармалы егістік |         |                  |
| 1                                                                                                                                                                                      | 8,3          | 8,3             |                | 8,3              |         | «Сауытбек» мжқ   |
| 2                                                                                                                                                                                      | 7,55         | 7,55            |                | 7,55             |         | «Ақтөбе» мжқ     |
| 3                                                                                                                                                                                      | 5,41         | 5,41            |                | 5,41             |         | «Абай» ӨК мжқ    |
| 4                                                                                                                                                                                      | 13,56        | 13,56           | 13,56          |                  |         | «Естемес» ӨК мжқ |
| 5                                                                                                                                                                                      | 9,95         | 9,95            |                | 9,95             |         | «Абай» ӨК мжқ    |
| 6                                                                                                                                                                                      | 8,44         | 8,44            |                | 8,44             |         | «Кемер» ӨК мжқ   |
| 7                                                                                                                                                                                      | 6,0          | 6,0             |                | 6,0              |         | «Кемер» ӨК мжқ   |
| 8                                                                                                                                                                                      | 7,42         | 7,42            |                | 7,42             |         | «Аша» ӨК мжқ     |
| 9                                                                                                                                                                                      | 7,55         | 7,55            |                | 7,55             |         | «Ақтөбе» мжқ     |
| 10                                                                                                                                                                                     | 8,28         | 8,28            |                | 8,28             |         | «Бәйдібек» мжқ   |

**Ескерту:** топырақ орташа сазды, кәдімгі сұр топырақты, су орташа мөлшерлі, бал бонитет деңгейі 8-30.

Азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар үлесі елу пайыздан асатын шетелдік заңды тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау 2024 жылдың 12 қараша айынан 02 желтоқсан айына дейін жүргізіледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

Жамбыл облысында жаңадан туған нәрестелерге қойылған ең танымал есімдер аталды



2024 жылдың өткен 9 айында Жамбыл облыстық АХАТ бөлімінде 7966 туу туралы акт жазбалары тіркелген. «Азаматтарға арналған үкімет» Филиалының хабарлауынша, жаңа туған ұлдар арасында- Айсұлтан есімі, қыз балалар арасында- Асылым есімдері танымал болған.

Айта кетейік, биылғы жылы өңірде Айсұлтан есімімен 189 үл бала тіркелді. Мұхаммед есімімен 182 бала тіркелсе, үшінші орынға аз ғана айырмашылықпен Мухаммад есімді 180 бала жайғасты.

Ал қыз балалар арасында танымал есімдер – Асылым (290), Медина (287) және Айлин (280).

Жаңа туған нәрестелер арасында Алихан, Алдияр, Амир, Омар, Айша, Айым, Аяла, Айкөркем есімдері де жиі кездеседі.

Естеріңізге сала кетейік, баланың тууын тіркеуге өтініш берудің бірнеше тәсілі бар: ХҚКО арқылы, электронды үкімет порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банк қосымшалары арқылы. Сонымен қатар, азаматтарға баланың тууын проактивті форматта тіркеу қызметі де қолжетімді. Яғни, бала туғаннан кейін бір тәулік ішінде баланың анасына қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында кезек-кезеңмен сұрату арқылы 1414 нөмірінен құттықтау SMS-і келеді.

**«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалының PR-менеджері.**

ДӘРІГЕР ЕСКЕРТЕДІ

## ТҰМАУДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Тұмау – бұл жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін жіті инфекциялық ауру, ауа-тамшы жолымен таралады. Тұмаудың пайда болу себебі иммундық жүйенің әлсіреуі емес, шамадан тыс тоңу емес, арнайы вирус - тұмау вирусы. Тұмаудың инфекция көзі – науқас адам. Жөтелеу, түшкіру және тыныс алу кезінде науқас адамның айналасында жұқтырған «бұлт» – қақырықтың, мұрыннан шыққан шырышты бөлшектер қалыптасады. Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тынысалу жолына түсуіне жол бермеу үшін қолдарды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзегін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке дем тарту – тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді.

Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 10 күнге дейін, орта есеппен 2 күнді құрайды. Жасырын фазаның ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау өзін білдірмейді. Одан кейін аурудың көріністері пайда болады, бұл жүйеліліктің сәл өзгеше болуы мүмкін:

Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші сағаттарында пайда болады. Тұмау үшін қатты қызба тән, температура 40°C-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады.

Әлсіздік, дене сырқырауы, басталатын аурудың алғашқы белгілері болуы мүмкін немесе



алдыңғы тармақта айтылған белгілерді ұстануы мүмкін.

Мұрын бітелуі, түшкіру, тамақтың жиыбырлауы – аурудың жиі кездесетін алғашқы белгілері.

Бірнеше күннен кейін тұмау, жөтел пайда болады, жөтел біріншіден өнімсіздікпен сипатталады – жөтел құрғақ, бұл кеңірдек пен кеңірдекшені «тырнайды», бірақ жөтелмен ештеңе шықпайды. Бірте-бірте жөтел ылғалды болып, қақырық шыға бастайды.

Тұмауға қарсы тиімді құрал – вакцинация. Өз уақытында вакцинациялау тұмауға бірнеше рет шалдығуды азайтады, аурудың жолын жұмсартады, ұзақтығын қысқартады және асқинулардың алдын алады.

Тұмаумен ауырған кезде, үйде қалып, дәрігерді шақырту қажет. Отбасының басқа мүшелерімен басынша байланысқа түспеу, медициналық бет-перде киіп, жеке гигиена ережелерін сақтау керек. Бұл басқаларға үшін келтірмеу және вирустық инфекцияны таратпау үшін қажет.

Профилактикалық шараларды сақтау, Сізді тұмау ауруынан және оның жағымсыз әсерінен қорғайтыны, есте болсын.

**Г.СТАНБЕКОВА, Шу аудандық орталық ауруханасының дәрігер эпидемиологы.**

*Туған жер- құтты қоныс, жайлы мекен*

Туған жер - құтты қоныс, жайлы мекен, Сұлусын, табиғатың неткен көркем. Бабамнан мұра болып қалған сені, Жүректің түкпіріне сақтап өтем.

Туған жерім - алтын бесік мекенім, Сенде тудым, құшағыңда өсемін. Туған жерім, сен құлтырып жайнайсың, Оралғандай тағы бір гүл көктемім.

Отан - ол отбасынан басталады, Отан - ол әр жүректе сақталады. Бабамның ізі қалған өз Отаным, Жыр болып мәңгілікке жатталады.

Отаным, отты жүрек ұл-қызың бар, Жарқыраған көңілде жұлдызың бар. Есейіп бауырыңнан түлеп ұшқан, Ұл-қызың бір өзіңе қорған болар.

**Ханифа ӘДІЛХАНҚОЖА, Д.Қонаев атындағы орта мектептің 7 «Ә» сынып оқушысы. Қонаев ауылы.**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

"Altynalmas Reagents" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 27.11.2024 жылы сағат 12-00-де "Jibek Joly "арнайы экономикалық аймағында қуаты жылына 25 000 тонна натрий цианидін өндіру зауытының құрылысы" жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Шу ауданы, Жамбыл облысы " мекенжайы: Тасеткел а / о, Тасеткел ауылы, Т.Рыскулов көшесі, 7 (әкімдік ғимараты).

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады esoportalk.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabibat?lang=ru>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады esoportalk.kz, сондай-ақ эл. мекен - жайы- s.agabek@zhambyl.gov.kz

Бейнеконференцбайланысқа қосылуға арналған сілтеме: <https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDcaor8prJwns8IXLAu2GvJQmkP2N.1>

Конференция идентификаторы: 990 0102 4018

Кіру коды: 757795

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекен-жайы – e-mail: centrecorpoekt@mail.ru және 8(7232) 768276 телефоны бойынша.

Қоғамдық тыңдауларға қатысуды тіркеу үшін өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы тиіс.

### ХАБАРЛАМА

Ұлы Отан соғысының «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері, ардагер ұстаз Базылов Нәметтің 100 жылдығына орай үстіміздегі жылғы 23 қараша күні өтетін іс-шараға 1959-1979 жылдары мектеп-интернатта оқыған оқушыларды шақырамыз. Байланыс тел.: 87026983056.

**Ұйымдастыру комиссиясы.**

### МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

**Тажирбаева Рая Касымовнаның** 2024 жылдың 16 сәуірінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Автобазовская к-сі, 6 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Б.Ушкенов) жолығулары қажет.

xxx

**Нурманбеков Бекежан Омিরхановичтің** 2024 жылдың 13 мамырында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Автобазовская к-сі, 6 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Б.Ушкенов) жолығулары қажет.

xxx

**Кельбиев Яшар Машаллаевичтің** 2024 жылдың 1 мамырында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Балун Шолақ к-сі, 12 А үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Г.Атабаева) жолығулары қажет.

Тел.: 87015330387.

xxx

**Бойкова Валентина Михайловнаның** 2024 жылдың 3 сәуірінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет. Тел.: 2-36-29, 87017406280.

xxx

**Мигачев Андрей Михайловичтің** 2023 жылдың 15 тамызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би к-сі, 264 үйде («Қонақ ҰЯ») орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Ж.Ажмағамбетова) жолығулары қажет.



№ 04-12 / 94

от 11.10.2024 года

## Эфирная справка

Исполнитель: Жамбылский филиал АО «РТРК «Казахстан» (Телеканал «Jambyl»)

Заказчик: ТОО «ЦентрЭКОпроект» БИН 090440015246

Вид услуги: услуги по размещению объявления в рубрике «Бегущая строка»

Текст: • Хабарландыру. "Altynalmas Reagents" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 27.11.2024 жылы сағат 12-00-де "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағында қуаты жылына 25 000 тонна натрий цианидін өндіру зауытының құрылысы" жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Шу ауданы, Жамбыл облысы " мекенжайы: Тасөткел а / о, Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 7 (әкімдік ғимараты).

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады esportal.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru>. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекен - жайы- s.agabek@zhambyl.gov.kz

Бейнеконференцбайланысқа қосылуға арналған сілтеме:

<https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDcaop8pJIwns8IXLAu2GvjQmkP2N.1> Конференция идентификаторы: 990 0102 4018 Кіру коды: 757795 Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекен-жайы –

e-mail: [centresoproekt@mail.ru](mailto:centresoproekt@mail.ru) және 8(7232) 768276 телефоны бойынша. Қоғамдық тыңдауларға қатысуды тіркеу үшін өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы тиіс. /

Объявление.ТОО «Altynalmas Reagents», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 27.11.2024 года в 12-00 часов состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Строительство Завода по производству цианида натрия мощностью 25 000 тонн в год в специальной экономической зоне «Jibek Joly». Шуский район, Жамбылская область» по адресу: Тасоткельский с/о, с. Тасоткель, ул. Т. Рыскулова, 7 (Здание Акимата). С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru> Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес - s.agabek@zhambyl.gov.kz Ссылка для подключения к видеоконференцсвязи: <https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDcaop8pJIwns8IXLAu2GvjQmkP2N.1> Идентификатор конференции: 990 0102 4018

бланк серийный номер мен ғана қолданылады  
бланк действителен только с серийным номером

Код доступа: 757795 Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу – e-mail: [centresoproekt@mail.ru](mailto:centresoproekt@mail.ru) и по телефону 8(7232) 768276. Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.

Дни проката: 09.10.2024 г. -11.10.2024 г.

Директор филиала



Г.К. Куланбаева

Исп. Б.Абдыманапов  
тел.: 8 /7262/ 45-24-27



ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ОРНЫ  
СТО ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ



# ЖАҢЫ ОРНЫ ЖАҢЫ МАТЕРИАЛ

## ХАБАРЛАНДЫРУ

- Жобаның атауы: "Libek Joly" арнайы экономикалық аймағында қуаты жылына 25 000 тонна натрий циннатін өндіретін зауыт салу. Жобаның иегері: "Жамбыл Табиғат" ЖШС, Шу ауданы, Жамбыл облысы.
- Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасуткель а/о, Құмөзек а.

| Натрий циннатін өндіретін зауыттың жер-участкісінің координаттары: | Әсер ету аумағының координаттары:    |
|--------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|
| 1. 43°29'18.40" СШ, 73°35'59.90" ШД;                               | 1. 43°29'20.14" СШ, 73°36'03.63" ШД; |
| 2. 43°29'18.50" СШ, 73°36'09.10" ШД;                               | 2. 43°29'17.95" СШ, 73°36'14.04" ШД; |
| 3. 43°29'03.40" СШ, 73°36'09.60" ШД;                               | 3. 43°29'10.83" СШ, 73°36'14.76" ШД; |
| 4. 43°29'03.30" СШ, 73°35'57.90" ШД;                               | 4. 43°29'01.61" СШ, 73°36'14.28" ШД; |
| 5. 43°29'16.90" СШ, 73°35'57.60" ШД;                               | 5. 43°28'59.15" СШ, 73°36'03.99" ШД; |
|                                                                    | 6. 43°29'00.12" СШ, 73°35'52.62" ШД; |
|                                                                    | 7. 43°29'08.72" СШ, 73°35'46.20" ШД; |
|                                                                    | 8. 43°29'18.82" СШ, 73°35'55.40" ШД; |

- Қоғамдық тыңдаулар: 2024 жылғы 27 қараша сәрсенбіде сағат 12:00-де Тасуткель а/о, Тасуткель ауылы, Т. Рыскулова көшесі, 7 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді. Бейнеконференция байланысқа қосылуға арналған сілтеме: <https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDeap8pJlwns81XLAu2GvQmkP2N.1> Конференция идентификаторы: 990 0102 4018. Кіру коды: 757795.
- Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Altynalmas Reagents" ЖШС, 081100, РК, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасуткель а/о, Тасуткель ауылы, Жібек жолы аймағы, 10 нөмірлік. БСН 210340015577. Байланыс: тел. +7-701-948-26-06 ("Altynalmas Reagents" ЖШС директоры У. М. Атагелдиев) e-mail: [valikhan.atageldiyev@aeengineering.kz](mailto:valikhan.atageldiyev@aeengineering.kz)
- Әзірлеуші: "Центр ЖОПроект" ЖШС БСН 090440015246. Әкімі: Мигдалыних Л. В. Байланыс: 8(7232) 768276, e-mail: [centrecoproekt@mail.ru](mailto:centrecoproekt@mail.ru)
- Жоба материалдары сайтта орналастырылған: [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) сондай-ақ ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында табысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/lang-ru>
- Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты электрондық мекенжай және телефон нөмірі бойынша алуға болады: РК, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 12. Тел. 8(7232) 768276, e-mail: [centrecoproekt@mail.ru](mailto:centrecoproekt@mail.ru)
- Ескертулер мен ұсыныстар жария тыңдаулар өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады; сілтеме бойынша қабылданады [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) және мекен-жайы бойынша: 080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі, 133а, "Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ. Тел. 8 (7262) 45-15-03, e-mail: [s.agabek@zhambyl.gov.kz](mailto:s.agabek@zhambyl.gov.kz)
- Қоғамдық тыңдауларға қатысушы тіркеу үшін өзін-өзі бірге жеке куәлігінің болуы тиіс.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

- Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях Е. Промышленности «Строительство Завода по производству цинната натрия мощностью 25 000 тонн в год в специальной экономической зоне «Libek Joly» Шууской район, Жамбылская область».
- Территория воздействия: Жамбылская область, Шууской район, Тасуткельский а/о, речка Кумөзек.

| Координаты земельного участка Завода по производству цинната натрия: | Координаты территории воздействия:   |
|----------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|
| 1. 43°29'18.40" СШ, 73°35'59.90" ВД;                                 | 1. 43°29'20.14" СШ, 73°36'03.63" ВД; |
| 2. 43°29'18.50" СШ, 73°36'09.10" ВД;                                 | 2. 43°29'17.95" СШ, 73°36'14.04" ВД; |
| 3. 43°29'03.40" СШ, 73°36'09.60" ВД;                                 | 3. 43°29'10.83" СШ, 73°36'14.76" ВД; |
| 4. 43°29'03.30" СШ, 73°35'57.90" ВД;                                 | 4. 43°29'01.61" СШ, 73°36'14.28" ВД; |
| 5. 43°29'16.90" СШ, 73°35'57.60" ВД;                                 | 5. 43°28'59.15" СШ, 73°36'03.99" ВД; |
|                                                                      | 6. 43°29'00.12" СШ, 73°35'52.62" ВД; |
|                                                                      | 7. 43°29'08.72" СШ, 73°35'46.20" ВД; |
|                                                                      | 8. 43°29'18.82" СШ, 73°35'55.40" ВД; |

- Общественные слушания состоятся: в среду 27 ноября 2024 года в 12:00 часов по адресу: Тасуткельский а/о, с. Тасуткель, ул. Т. Рыскулова, 7 (Здание Акимата). Ссылка для подключения к видеоконференции: <https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDeap8pJlwns81XLAu2GvQmkP2N.1> Идентификатор конференции: 990 0102 4018. Код доступа: 757795.
- Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Altynalmas Reagents», 081100, РК, Жамбылская область, Шууской район, Тасуткельский а/о, с. Тасуткель, зона Жібек Жолы, здание 10. БИН 210340015577. Контакты: тел. +7-701-948-26-06 (Директор ТОО "Altynalmas Reagents" Атагелдиев У. М.) e-mail: [valikhan.atageldiyev@aeengineering.kz](mailto:valikhan.atageldiyev@aeengineering.kz)
- Разработчик: ТОО «Центр ЖОПроект» БИН 090440015246. Представитель: Мигдалыних Л. В. Контакты: 8(7232) 768276, e-mail: [centrecoproekt@mail.ru](mailto:centrecoproekt@mail.ru)
- Материалы проекта размещены на сайте: [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) и на официальном интернет-ресурсе МНО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/lang-ru>
- Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по электронному адресу и номеру телефона: РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина 12. Тел. 8(7232) 768276, e-mail: [centrecoproekt@mail.ru](mailto:centrecoproekt@mail.ru)
- Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний: по ссылке [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz) и по адресу: 080000, Жамбылская область, г. Тараз, ул. Абай, 133А, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области». Тел. 8 (7262) 45-15-03, e-mail: [s.agabek@zhambyl.gov.kz](mailto:s.agabek@zhambyl.gov.kz)
- Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.



АКТІК БАСПА МАТЕРІАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ОРНЫ  
МЕСТО ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ



081119, село Тасоткель, ул. Т.Рыскулова, 10  
тел.: 8 (726 38) 5-38-96, 8 (726 43) 5-04-96  
E-mail: [tasotkelso@mail.ru](mailto:tasotkelso@mail.ru)

26.11.2024 жыл

Сіздерге, «Тасөткел ауылдық округі әкімінің аппараты» Тасөткел мен Аспара ауылдарында тұрақты интернет пен байланысы жоқ екенін, осыған орай интернетке қосылуға мүмкіндік болмай тұрғанын хабарлаймыз.

Chase &

## Б.Жаксимбетов

Орын.: Г. Куанышбеков.

Отп.  ТОО "Рысбаева и К". Гос. Лиц.: серия АА #000105

[illegible]

000252

## 1-ші слайд

**Ассалямугалекум саламатсыздарма жиынга катысушы қауым бүгін қоғамдық тыңдауын тақырыбы "Jibek Joly"**арнайы экономикалық аймағында қуаттылығы жылына 25 000 тонна натрий цианидін өндіретін зауыттың жоспарланып отыр. арнайы экономикалық аймақтар ҚР Президентінің Жарғысымен құрылған, Сол аймақтарда отандық және шетел инвесторлары өздерінің инвестициясын құйуға тиімді қолайлы жағдайлар жасалынған (инфраструктуралармен салық жеңілдітерімен және тб).

## 2-ші слайд

Экономикалық аймақтың орналасу ыңғайлылығы:

- ТМД-дағы ең төмен салықтар;

- газдың тиімді бағасы;

- **Шу тоғыз жолдың торабы демекші** Қазақстанның барлық өңірлеріне және көрші елдерге автомобиль және темір жол бағыттары дамыған;

Натрий цианидін өндіру жаңа тиімді экологиялық таза технологияларға негізделетін болады.

Бұл жобаны жүзеге асыру өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жақсартады.

зауыт құрылысы Қазақстанның алтын өндіруші саласының стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл оним Ресей мен Кытайдан импортталынады.

## 3-ші слайд

Нысан Шу ауданында, Шу қаласының аудан орталығынан оңтүстік-батысқа қарай 15 км жерде орналасқан. Ең жақын елді мекендер: Құмөзек теміржол разъезі солтүстік-шығыс бағытта 5,5 км қашықтықта, Аспара кентінде оңтүстік бағытта 11,5 км қашықтықта, Саутбек кентінің солтүстік бағытында -13 км

## 4-ші слайд

Облыстық орман шаруашылығы инспекциясынан учаскенің мемлекеттік орман қорының жерлеріне кірмейтіні туралы анықтама бар. Жақын маңдағы Төле би метеостанциясының Климаттық деректері бойынша экономикалық аймақтың аумағы желдің соғыуна қолайлы.

ҚР Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер мен жануарлар осы аумақта белгіленбеген."Ветеринариялық бақылау комитетінің Шу аудандық инспекциясының" хатына сәйкес нысан орналасқан ауданда мал қорымдары мен сібір жарасы бар жерлеу орындары жоқ.

## 5-ші слайд

Объектінің операторы "Altynalmas Reagents" ЖШС болып табылады. Зауыт құрылысы үшін жер учаскесінің ауданы-12 гектар.

Құрылыс жұмыстары 2025 жылы басталады деп жоспарлануда. Зауытты пайдалануға беру 2027 жылы жоспарланып отыр. Зауыттың қызмет ету мерзімі шамамен 25-30 жыл.

Жаңа кәсіпорында химия өндірісі саласындағы әлемдік көшбасшының лицензиясын алған – Chemours (бұрынғы DuPont) қолданылады. Жобалау және құрылыспен бұрын әлемде осындай 2 жобаны сәтті жүзеге асырған жетекші неміс инжинирингтік компаниясы Glatt GmbH айналысады. Кәсіпорында ең үздік озық технологиялар мен еңбекті қорғау мен экологияның заманауи стандарттарын енгізетін болады.

### 6-слайд

Слайдта және картада зауыттың бас жоспары көрсетілген. Учаскенің батыс бөлігінде кірме теміржол жолы болады. Шикізат зауытқа теміржол арқылы цистерналарда, дайын өнім жабық жүк вагондарында жеткізіледі.

Зауыт аймақтарға бөлінеді: әкімшілік (аумаққа кіреберістің жанында); қойма аймағы (теміржол жолдарының жанында); өндірістік аймақ (кәсіпорынның ортасында).

Зауыт аумағын металл қоршаудың екі периметрімен қоршау жоспарлануда.

### 7-ші слайд

Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға шамамен 36 тонна көлемінде ластаушы заттар шығарылатын болады. Негізгі ластаушы зат шаң болады.

Пайдалану кезінде жылына 139 тонна көлемінде шығарындылар күтіледі. Негізгі ластаушы заттар-азот диоксиді (Основные источники: Автомобиль қозғалтқыштары, жылу электр станциялары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, зауыттар), азот оксиді, көміртегі оксиді.(угарный газ) (қалдық майлар, ветоштар, қайта зарядталатын батареялар және май сүзгілері).

Әсер ету аймақтың шекарасы 300 метр

Санитарлық-қорғау аймағының шекарасы 1000 метрден аспайды

### 8-ші слайд

Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде жалпы көлемі 56 тоннаға жуық қалдықтардың 6 түрі пайда болуы мүмкін.

Пайдалану кезінде жылына шамамен 660 тонна қалдықтардың 19 түрі пайда болуы мүмкін. Оның ішінде қауіпті қалдықтардың 4 түрі бар.

Барлық қалдықтар шарт бойынша арнайы ұйымдарға қайта өңдеуге беріледі

### 9-шы слайд

**Бул заводтта озық, заманауи, технологиялармен жабдыкталады.**

**Технология нулевого индекса или выброса деп аталады Мысалы: «өндірістен шыккан лас суларды, физикалык химиялык тазартудан отіп, технологиялык су болып табылады және кайта өндіріске жіберіледі**

Сарқынды өндірістік сулар натрий цианидінің құрамын физика-химиялық әдіспен тазарту үшін тазарту құрылыстарына жіберіледі.

Тұрмыстық кәрізді биологиялық тазарту жобаланады және жаңбыр суын тазарту қарастырылады.

Барлық тазарту құрылыстарынан кейін тазартылған ағындар шарт бойынша "Jibek Joly" экономикалық аймағының қолданыстағы буландырғыш тоғанына жіберіледі.

Очистительные сооружения СЭЗ

ПРУД испаритель объектісіне төгіледі

ПРУД накопитель жоба қоршаған ортаға нөлдік шығарындысы бар техникалық су айналымының толық тұйық циклін.

### 10-11 слайд

-Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін автоматтандырылған бақылау жүйесі жүзеге асырылады.

Авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау қаупімен байланысты қоршаған ортаға елеулі зиянды әсерлер болжанбайды.

-Технологиялық объект өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша аса жауапты шешімдерді талап етеді.

## **11 слайд**

Қоршаған ортаға ісердәі азайту жөніндегі іс шаралар;

- Технологиялық процесстерді автоматтандыру
- Аварияға қарсы жүйесі
- Герметикалық жабылатын жабық технологиялар
- Жұмыс аймағында газ сигнализаторлар орнату
- Цианид натрий шаңы мен буын ұстау тазарту жүйесін қарастырылған

## **12-ші слайд**

Барлық объектілер арнайы бөлінген жер учаскесінің аумағында орналасатын болады. Жақын маңдағы аумақтың ландшафттарын өзгерту қарастырылмаған.

Осылайша, барлық жоспарланған шаралар сақталған жағдайда жер ресурстарына, атмосфераға, су объектілеріне, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне айтарлықтай әсер ету күтілмейді.

## **13-ші слайд**

Жоспарланған қызметтің қабылданған нұсқасы ең ұтымды болып табылады, өйткені:

- объектінің орналасқан жері санитарлық-қорғау аймағын ұйымдастыруға және сақтауға мүмкіндік береді.
- жобалық шешімдер ең заманауи және прогрессивті болып табылады.
- тұрғын аудандар, су объектілері алыста орналасқан.

## **14-ші слайд**

Жұмыстарды жүргізу ауданның қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң әсер етеді:

- 226 адамнан тұратын жаңа жұмыс орындары құрылады;
- бюджеттік түсімдер ұлғаяды;
- жұмыс орындарын құру жергілікті тұрғындарды жұмысқа тартуға мүмкіндік береді;
- зауытты пайдалану жергілікті халықтың өмір сүру жағдайына теріс әсер етпейді;

-  
Қасым-Жомарт Тоқаевқа "AltynAlmas Reagents" ЖШС компаниясының натрий цианидін өндіретін химиялық зауыт құрылысын қаржыландыру бойынша қазақстандық және неміс банктері арасындағы қаржылық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғаны туралы хабарланды

## **15-ші слайд**

"Altynalmas Reagents" ЖШС адамдардың өмірі мен денсаулығының әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайларына үлкен жауапкершілікпен қарайды.



"ЛІВЕК JOLY" АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
АЙМАҒЫНДА ҚУАТТЫЛЫҒЫ ЖЫЛЫНА  
25 000 ТОННА НАТРИЙ ЦИАНИДІН  
ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ






Схема размещения объекта в системе расселения М 1:50 000




## "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағы



# Тұрғын және су объектілеріне дейінгі қашықтық



Учаске мемлекеттік орман  
қорының жерлеріне  
кірмейді.  
Экономикалық аймақтың  
аумағы желдің бағытына  
қатысты қолайлы.




ОБЪЕКТІНІҢ ОПЕРАТОРЫ "ALTYNALMAS REAGENTS" ЖШС БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ 4 ЖЫЛ ІШІНДЕ БОЛЖАНАДЫ  
(2025-2027 ЖЖ.).

НАТРИЙ ЦИАНИДІ ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТТЫ ІСКЕ ҚОСУ **2027 ЖЫЛҒА**  
ЖОСПАРЛАНҒАН.


«ЦентрЭКОпроект» ЖШС, 20.11.2009 ж. Мемлекеттік лицензиясы № 01321Р





## Зауыт аумағы үш аймаққа бөлінеді:

- әкімшілік (кіреберістің жанында);
- қойма аймағы (теміржол жолдарының жанында);
- өндірістік аймақ (кәсіпорын орталығында);



# ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНАН АСЫП КЕТПЕЙДІ

Қоршаған ортаға әсер етудің I  
санатына жатады.

Санитарлық қорғау аймағының  
көлемі 1000 м.  
(Қауіптіліктің класы I)




Барлық қалдықтар шарт бойынша арнайы ұйымдарға кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге беріледі.

Зауытта уақытша сақталады.



# Пайдалану кезеңі

Шаруашылық-тұрмыстық  
ағындар



Биологиялық тазарту тазарту  
құрылыстары


Өндірістік ағындар





Тазарту құрылыстары.  
Детоксикация (тазарту)

Натрий цианидінің құрамынан  
физика-химиялық әдіспен

Жаңбыр суы



Тазарту қондырғыларына  
қосымша сорбциялық  
қондырғысы бар аралас құм  
ұстағыш және кәріз сорғы  
станциясы кіреді



Шарт бойынша "Jibek Joly  
"арнайы экономикалық  
аймағының Басқарушы  
компаниясы" АҚ  
буландырғыш тоған

## Төтенше жағдайлардың алдын алу:

- Барлық объектілер арнайы бөлінген жер учаскесінің аумағында орналасатын болады.
- Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін автоматтандырылған бақылау жүйесі жүзеге асырылады.
- Авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау қаупімен байланысты қоршаған ортаға елеулі зиянды әсерлер болжанбайды.
- Тәуекелді бағалау және апаттардың алдын алу бойынша қабылданған шаралар натрий цианиді зауытының жұмыс деңгейі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетті.



## Қоршаған ортаға әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар:

- технологиялық процесті автоматтандыру,
- аварияға қарсы қорғау жүйесі
- герметикалық жабылатын жабдық
- жұмыс аймағында газ сигнализаторларын орнату
- натрий цианидінің шаңы мен буын ұстау үшін тазарту жүйесі қарастырылған



Барлық жоспарланған  
шаралар сақталған  
жағдайда жер  
ресурстарына,  
атмосфераға, су  
объектілеріне, өсімдіктер  
мен жануарлар дүниесіне  
елеулі әсер күтілмейді



## Қызметті жүзеге асырудың қабылданған нұсқасы ең ұтымды болып табылады:

- орналасқан жері санитарлық-қорғау аймағын ұйымдастыруға және сақтауға мүмкіндік береді.
- жобада қабылданған техникалық шешімдер ең заманауи және прогрессивті болып табылады.
- тұрғын аудандар, су объектілері алыста

Осылайша, бұл нұсқаны, мүмкін емес ететін жағдайлар жоқ.



## Аудан үшін оң салдары:

- 226 адам жұмыспен қамту үшін жаңа жұмыс орындары құрылады;
- жаңа жұмыс орындарының ашылуы жергілікті халықты жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді;
- зауыттың жұмыс істеуі жергілікті халықтың тұрмыс жағдайына кері әсерін тигізбейді
- кәсіпорыннан салықтар мен аударымдар есебінен ауданға бюджеттік түсімдер ұлғаяды;
- зауыт құрылысы Қазақстанның алтын өндіруші саласының стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.






**"Altynalmas Reagents" ЖШС** жауапкершілігі жоғары дәрежеде адамдардың өмірі мен денсаулығының әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, олардың өмір сүру және қызмет ету жағдайларына әсеріне жатады.


Натрий цианидін өндіру зауытының құрылысы "Altynalmas Reagents" ЖШС кәсіпорнының қызметін кем дегенде 30 жылға қамтамасыз ету үшін көзделген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа "AltynAlmas Reagents" ЖШС компаниясының натрий цианидін өндіретін химиялық зауыт құрылысын қаржыландыру бойынша қазақстандық және неміс банктері арасындағы қаржылық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғаны туралы хабарланды.




Цианид зауыты: Draslovka Mining Process Solutions

Мекенжай: 2571 Fite Rd, Memphis, TN 38127, Америка Құрама Штаттары




Цианид зауыты: Lučební závody Draslovka a.s.  
Мекенжай: Havlíčkova 605, 280 02 Kolín IV, Чех Республикасы



Цианид зауыты: Anhui Shuguang Chemical Group  
Мекенжай: G35H+MX Yingjiang District, Аньцин, Аньхой, Қытай





НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және оның барысында алынған  
ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| №<br>пп | Қатысушылардың<br>ескертулері мен<br>ұсыныстары<br>(қатысушының тегі, аты<br>және әкесінің аты (бар<br>болса), лауазымы,<br>ұсынылатын ұйымның<br>атауы)                                                                                                                                                             | Ескертулер мен ұсыныстарға<br>жауаптар (жауап берушінің тегі,<br>аты және әкесінің аты (бар болса),<br>лауазымы, ұсынылатын<br>ұйымның атауы)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Ескерту<br>(алынған<br>ескерту<br>немесе<br>ұсыныс,<br>"қоғамдық<br>тыңдау<br>тақырыбына<br>қатысы<br>жоқ") |
|---------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
сетей, содержащие сообщения от родственников и друзей с просьбой проголосовать в конкурсе или получить подарок, отсканировав код. В таких случаях необходимо связаться с человеком напрямую, чтобы убедиться, что его учетная запись не взломана.

Некоторые QR-коды могут рекламировать скидки, специальные предложения или бесплатные вещи. Если они кажутся слишком привлекательными, то, скорее всего, вы попадете на удочку мошенников, отсканировав код. Вам следует тщательно изучить предложение, прежде чем предпринимать какие-либо действия.

"Одним из наиболее распространенных способов применения QR-кодов является оплата за товары и услуги. Однако не следует сразу сканировать QR-код в местах массового скопления людей. Если вы все же перешли на сайт, то проверьте его, прежде чем вводить там свои личные данные. Встречаются случаи, когда граждане, отсканировав QR-код в общественном месте, стали жертвой мошенников, оставив на поддельных сайтах



свои персональные данные", - отмечают в полиции.


Департамент полиции Жамбылской области напоминает: чтобы не стать жертвой киберпреступников, избегайте сканирования нежелательных QR-кодов, всегда проверяйте адрес веб-сайта QR-кода на предмет несоответствий, используйте надежные и уникальные пароли для защиты своих учетных записей.

Если же вы все-таки обнаружили, что при применении QR-кода с вашего счета были списаны деньги, которые вы не тратили, срочно обратитесь в банк для блокировки счетов, а также в полицию с заявлением о мошенничестве.

Шуская долина-инфо.

● Канышу Сатпаеву - 125 лет

ТИТАНИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ



Масштаб фигуры Каныша Сатпаева был под стать эпохе, когда вершились судьбы народов. Как можно понять всё его значение для Казахстана - тогдашнего и современного?

Сегодня научное сообщество Казахстана широко отмечает 125-летие выдающего сына казахского народа – Каныша Имантаевича Сатпаева, поистине феноменальной личности, который был первым во всем: первым профессиональным инженером-геологом, первым казахом-доктором наук, первым казахом-академиком, первым президентом, основателем Академии наук КазССР, первым директором института геологии Академии наук, автором первого учебника по алгебре на казахском языке, первым в Казахстане лауреатом Государственной и Ленинской премий.

Сатпаев – наш национальный



ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

3 декабря 2024 года в Шуском районе Жамбылской области будет проведен конкурс на земельные участки сельскохозяйственного назначения с правом временного землепользования (аренда) для ведения сельскохозяйственного производства.

Место и время проведения: с. Толе би, улица Толе би, №242, в зале заседаний акимата Шуского района, 16:00 часов.

Предоставление земельных участков, находящихся в государственной собственности и не предоставленных в землепользование, на праве временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства, осуществляется на основе конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в порядке и на условиях статьи 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан.

Конкурс производится по следующим земельным участкам:

| №  | Общая площадь | Из них      |                       |              | Местоположение   |
|----|---------------|-------------|-----------------------|--------------|------------------|
|    |               | Всего пашня | Из них богарная пашня | Пашня полная |                  |
| 1  | 8,3           | 8,3         |                       | 8,3          | ГЗЗ «Сауытбек»   |
| 2  | 7,55          | 7,55        |                       | 7,55         | ГЗЗ «Ақтөбе»     |
| 3  | 5,41          | 5,41        |                       | 5,41         | ГЗЗ «Абай» ӨК    |
| 4  | 13,56         | 13,56       | 13,56                 |              | ГЗЗ «Естемес» ӨК |
| 5  | 9,95          | 9,95        |                       | 9,95         | ГЗЗ «Абай» ӨК    |
| 6  | 8,44          | 8,44        |                       | 8,44         | ГЗЗ «Кемер» ӨК   |
| 7  | 6,0           | 6,0         |                       | 6,0          | ГЗЗ «Кемер» ӨК   |
| 8  | 7,42          | 7,42        |                       | 7,42         | ГЗЗ «Аша» ӨК     |
| 9  | 7,55          | 7,55        |                       | 7,55         | ГЗЗ «Ақтөбе»     |
| 10 | 8,28          | 8,28        |                       | 8,28         | ГЗЗ «Бәйдібек»   |

Примечание: почвы в среднем суглинистые, сероземы обыкновенные, водообеспеченность среднее, балл бонитета 8-30.

В конкурсе не могут участвовать иностранцы, лица без гражданства, иностранные юридическим лица, а также юридические лица, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов.

Принем заявок на участие в конкурсе осуществляется с 12 ноября по 2 декабря 2024 года.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффи-

сской личностью

В разрезе современных исследовательских стратегий большим подспорьем в изучении личности Сатпаева может служить персонология, которая занимается комплексным изучением генезиса и трансформации человека-индивида в личность и далее в историческую личность.



Каныш Сатпаев во время обучения в Томском технологическом институте, 1929 год

На формирование человека, исходя из персонологии, влияют: особенности среды, в которой действует личность (общественный строй, традиции, задачи);

состояние, в котором находится в общество (устойчивое, неустойчивое, идет на подъем, под уклон);

особенности исторического времени;

того факта, происходили ли события в центре мировой системы или на ее периферии; особенности самой личности и потребности момента и обстановки именно в таких качествах; наличия конкурентных деятелей и др.

Попробуем перенести этот теоретико-методологический посыл на личность академика Сатпаева и вкратце рассмотреть для начала внешний контекст.

Жизнь замечательного человека

Жизнь и деятельность Каныша Сатпаева проходили на фоне крупных исторических событий, начиная с Великой русской ре-

волюции (включающей: первую русскую буржуазную, Февральскую, Октябрьскую), а также две мировые войны, эпоха советской модернизации: индустриализация, коллективизация, Великая Отечественная война, периоды культа личности Сталина, затем Хрущевской "оттепели".

Сложно не согласиться с



мнением философа Плеханова, что "характер личности является "фактором" такого развития лишь там, лишь тогда и лишь постольку, где, когда и поскольку ей позволяют это общественные отношения".

Сатпаев - представитель казахской национальной интеллигенции, историческая миссия которой заключалась в служении собственному народу. Отсюда рефлексия, одержимость идеей быть полезным казахскому обществу, рвение к написанию учебника по математике на 1120 страниц на казахском языке арабской графикой, издание дастана "Ер-Едыге" на казахском языке в Москве в 1927 году, постановка спектаклей по произведениям Мухтара Ауэзова.

Изучая научное наследие Сатпаева, невольно задаешься вопросом: могла ли обычная юношеская любознательность, интерес к познанию окружающей природы, страсть к камням, минералам перерасти в большую науку, в реализацию мега-проектов под его руководством, способствовавшие преобразованию Казахстана из аграрной в индустриальную страну, как: от-



крытие Большого Жезказгана, строительство медеплавильного комбината, канала Иртыш - Караганда, прокладка железной дороги, основание Казахского горно-металлургического института (ныне Политехнического университета им. К.Сатпаева), Академии наук КазССР, систематизация металлогенической карты Казахстана?

Возможно ли представить масштабы его деятельности без наличия и отпечатков вышеупомянутых политических курсов и стратегий Советского государства?

При этом нельзя забывать и о горьких исторических уроках того периода. Жертвами голода и репрессий оказались и родные Каныша Сатпаева, а его самого, как отмечает в интервью академик Журинов, "спасло то обстоятельство, что он был технарем и не занимался политикой".

В будущем следует изучить также внутренние, субъективные стороны сложности личности Сатпаева. Его безусловная любовь к родной казахской земле, к Баянаулу, которые взрастили с нем черты романтизма, эстетики, гуманизма, патриотизма, преданности традициям и ценностям казахского народа продиктованы присутствием в окружении Сатпаева его предков: дедушки Сатбая, отца Имантая, воспитание и мушкетер которых он впитал с детства; дедушки по матери Исы Шормана, Машхур Жусупа Копеева, благословение и бата которых он получил.

Поддержку и помощь в ключевые периоды его школы жизни, в юношестве, в годы студенчества и профессиональной деятельности оказали друзья,

коллеги по "цеху", в числе которых писатели Жусупбек Аймаутов, Мухтар Ауэзова, Алихан Бокееханов.

Отдельно следует отметить профессора Томского технологического института Михаила Усова, который открыл для молодого Сатпаева путь в большую науку, оказал неоценимую услугу в овладении им профессии инженера-геолога.

Безусловно, в их числе его муза, спутница жизни – Таисия Алексеевна Кошкина, которая, будучи второй женой Каныша Имантаевича, приютила у себя в годы голода его близких и родных, в том числе и первую семью.

Кроме того, несомненно, это целая плеяда выдающихся ученых-учеников академика Каныша Сатпаева, которым он лично дал путевку в жизнь: Шафик Чокин – основатель казахстанской энергетической науки, Алькей Маргулан – отец-основатель казахстанской археологии; Евней Букетов – крупный ученый в области химии и металлургии; Шахмардан Есенов – известный академик, геолог, президент АН КазССР, общественный деятель. И многие другие молодые казах-студенты, получившие отличное образование в Москве благодаря непосредственной помощи и поддержке Сатпаева.

Обращая к молодежи, академик призывал "не пассивать перед трудностями, преодолевать их, быть настойчивым в достижении цели, маневренным в методах преодоления трудностей". Таковы были мощь личности и масштабы исторического времени академика Каныша Сатпаева.

Подготовил  
Р.ХАЙРУЛЛИН.

ПОПУЛЯРНЫЕ ИМЕНА НОВОРОЖДЕННЫХ



За 9 месяцев 2024 года в Жамбылской области отделом РАГС было зарегистрировано 7966 актовых записей о рождении детей. По сообщению Филиала «Правительства для граждан», среди новорожденных мальчиков популярными стали имена Айсултан, среди девочек – Асылым.

Отметим, что в регионе за этот год с именем Айсултан зарегистрировано 189 мальчиков. На 7 малышей меньше с именем Мұхаммед. На третьем месте с незначительным отрывом фигурирует имя Мухаммад - всего 180 малышей.

При этом, среди женских имен популярными в этом году являются Асылым (290), Медина (287) и Айлин (280).

Для новорожденных популярными именами также стали Алихан, Алдияр, Амир, Омар, Айша, Айым, Аяла, Айкөркем.

Напомним, что подать заявление на регистрацию рождения ребенка можно несколькими способами: через ЦОН, через портал электронного правительства, а также через приложения банков второго уровня. Кроме этого, граждане могут получить услугу по регистрации рождения ребенка в проактивном формате. Так, в течение суток маме новорожденного придет поздравительное SMS от 1414 с пошаговым запросом информации, необходимой для оказания услуги.

PR-менеджер  
филиала Госкорпорации  
«Правительство для граждан»  
по Жамбылской области.

ТОО «Altynalmas Reagents», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 27.11.2024 года в 12-00 часов состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Строительство Завода по производству цианида натрия мощностью 25 000 тонн в год в специальной экономической зоне «Jibekjoly». Шуский район, Жамбылская область» по адресу: Тастомельский с/о, с. Тастомель, ул. Т. Рыскулова, 7 (здание акимата).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также сайте МЮ https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес - sagabek@zhambyl.gov.kz

Ссылка для подключения к видео конференцсвязи: https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDcaorp8pJlwns8IXLAu2GvjQmkp2N.1

Идентификатор конференции: 990 0102 4018

Код доступа: 757795

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу – e-mail: sentcesorproekt@mail.ru или по телефону(7232) 768276.

Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.



Салықтық әкімшілендіру ісінде жазаалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай – ақ, хабарлама жіберу арқылы өнгірілетін салық берешегінің жоғарғы шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банкітегі есеп – шоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

Жоспарға сай тексеру тәсілінен біржола бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру қажет.

(Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан)



Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол.  
Бір елдің атасы болма,  
Бар елдің данасы бол.

Төле би

# ШУ ӨНІРІ

№82 (9885)

СЕНБІ

12 ҚАЗАН,  
2024 ЖЫЛ

Шуская долина

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы)

WWW.SHUONIRI.KZ

Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады

## ПРЕЗИДЕНТ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ШАҒЫН ҚҰРАМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



**Мәскеуге жұмыс сапарымен келген Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.**

Қазақстан Президенті дәстүрлі қонақжайлығы және Ресейдің ТМД-ға төрағалық ету барысында нәтижелі жұмыс атқарғаны үшін Владимир Путинге алғыс айтты.

Мемлекет басшысы 1991 жылы Алматы Декларациясының негізінде құрылған ТМД-ның әлеуетін беделді халықаралық ұйым ретінде одан әрі нығайту Қазақстан үшін басты басымдықтың бірі екеніне назар аударды.

– Өткен ғасырдың 90-жылдарында Балқан түбегіндегі секілді күрделі жағдайларға посткеңестік аумақта жол берілген жоқ. Мұнда

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үлесі зор деуге болады. Сондықтан Достастықты сақтау керек деп ойлаймын. Осы мақсатта өзара сенімді нығайтудың ең тиімді шараларын қабылдап, мемлекеттер басшылары деңгейінде бір-бірімізді негізсіз сынап-мінеуден аулақ болып, ұстамдылық пен парасаттылық танытқанымыз жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, геосаяси тұрақсыздық пен аумалы-төкпелі халықаралық ахуал жағдайында өтіп жатқан бүгінгі кездесу Ұйым жұмысына тың серпін беруге тиіс.

– Біздің ел Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жасауға деген ұмтылыстарын құптайды. Сонымен қатар Орталық Азия аймағындағы мемлекетаралық шекаралардың жекелеген бөліктерін заңдық тұрғыдан ресімдеуді аяқтау ісінде айтарлықтай ілгерілеу бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы жаһандық ынтымақтастық пен даму үдерісіне елеулі үлес қосып келе жатқан тиімді өңірлік ұйым ретінде халықаралық деңгейде кеңінен мойындалғанына тоқталды.

– Достастық БҰҰ-ның түрлі құрылымымен, сондай-ақ басқа да көптеген халықаралық және өңірлік ұйыммен ұтымды байланыс орнатты. ТМД-ның әлемдік аренадағы беделі артып келеді. Былтыр ТМД жанындағы Бақылаушы және Серіктес мәртебесі бекітілді. Бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және ашықтығын көрсетеді. Осы жүйелі жұмысты жалғастырып, «ТМД +» форматын құру туралы мәселені қарастыруды ұсынамын. Мұндай алаң Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, әлем экономикасында тұрақсыздық белең алып тұрған жағдайда сауда-экономикалық ықпалдастық мәселелері ұдайы назарда болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТМД нарықтары қашанда маңызды екенін жеткізді. Еліміздің сыртқы тауар айналымының төрттен бір бөлігінен астамы осы нарықтың еншісінде.

– 2023 жылы қабылданған Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы және инвестицияларды жүзеге асыру туралы келісім сауда-экономикалық байланыстарымызды жан-жақты тереңдетуге ықпал ететініне сенімдімін. Сонымен қатар өнеркәсіптік кооперация, кендік реттеуді оңтайландыру, жаңа логистика тізбектерін қалыптастыру, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері бойынша ықпалдастықты күшейту жұмыстарын жалғастырудың маңызы зор. Бүгінде жәрмеңке саудасына сұраныс жоғары.

Осыған орай «Достастық жәрмеңкесі» атты мемлекетаралық бағдарламаны іске қосуды ұсынамын. Оның аясында ТМД елдерінің түрлі қалаларында жыл сайын сауда-саттықтың көрігін қыздыратын іс-шаралар өткізуге болады. Оған бүкіл Еуразия өңіріндегі шебер-

(Жалғасы 2-бетте) ➔

## ҮКІМЕТ

## ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢГЕ ЖӘНЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ТЕКСЕРІЛДІ



**Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді. Оған министрлік өкілдері, облыс және қала әкімдері қатысты.**

Күн тәртібінде үш мәселе: келесі жылғы су тасқыны қаупі бар кезеңге дайындық, жеке сектордағы жылу беру маусымы, коммуналдық және жол қызметтерінің қысқы кезеңге дайындығы қаралды.

Вице-премьер Қанат Бозымбаевтың тапсырмасы бойынша өңірлердің 2025 жылғы су тасқыны қаупі бар кезеңге дайындығына тексеру жүргізілді.

Бүгінгі таңда өңірлерде 122,6 шақырым дренаж жүйесі салынып, жөнделді, 1545 су өткізу құрылысы орнатылып, ауыстырылды, 1270 шақырым канал мен 21 069 шақырым арық тазартылды, 101 гидротехникалық құрылысқа ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Сонымен қатар тексеру нәтижелері бірқатар облыста өзен арнасы жағалауын нығайту және түбін тереңдету бойынша жұмыстар әлі аяқталмағанын көрсетті. Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының 84 елді мекенінде күрделі құрылыс, қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру және нығайту жұмыстары жүргізілуде.

«Өңір әкімді күздің соңына дейін елді мекендердің айналасына топырақ үю, су бұру арналарын тазарту және өзендерді қалыпқа келтіру жұмыстарын аяқтау керек. Су ресурстары және ирригация министрлігі гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау және жаңғырту жұмыстарын жеделдетуі қажет», — деп тапсырды Премьер-Министрдің орынбасары.

ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі.

## БӘРЕКЕЛДІ!

## ТУ КӨТЕРГЕНДЕР ТҰЛПАР МІНДІ



**Бокс - аса танымалдыққа ие спорт түрі. Оның елімізде дамуына Жамбыл аймағы, оның ішінде Шу өңірі өзіндік үлес қосты. Өйткені ауданымыздан КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушы Ю. Цхай, ұлттық құраманы тізгіндеген Д. Буданбеков, мықтыларды баулыған С.Төлеубаев, Қ.Қаршығабеков сынды бокс ұсталары түлеген.**

Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген даналық бар. Оның өміршеңдігін жерлесіміз, бокс бапкері Асқар Еркебаев дәлелдеп жүр. Ол 2009 жылға дейін Шу қаласындағы бокс мектебінде машықтырушы болғанын шулықтар жақсы біледі. Жуырда ғана Қазақстан үшін басты басымдықтың бірі екеніне назар аударды.

– Өткен ғасырдың 90-жылдарында Балқан түбегіндегі секілді күрделі жағдайларға посткеңестік аумақта жол берілген жоқ. Мұнда

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үлесі зор деуге болады. Сондықтан Достастықты сақтау керек деп ойлаймын. Осы мақсатта өзара сенімді нығайтудың ең тиімді шараларын қабылдап, мемлекеттер басшылары деңгейінде бір-бірімізді негізсіз сынап-мінеуден аулақ болып, ұстамдылық пен парасаттылық танытқанымыз жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, геосаяси тұрақсыздық пен аумалы-төкпелі халықаралық ахуал жағдайында өтіп жатқан бүгінгі кездесу Ұйым жұмысына тың серпін беруге тиіс.

– Біздің ел Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жасауға деген ұмтылыстарын құптайды. Сонымен қатар Орталық Азия аймағындағы мемлекетаралық шекаралардың жекелеген бөліктерін заңдық тұрғыдан ресімдеуді аяқтау ісінде айтарлықтай ілгерілеу бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## ЖАН ЖАДЫРАТҚАН

«Жан жылуы»

**Бейсенбі күні аудандық мәдениет үйінде аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен, ауданымыздағы мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен «Жан жылуы» атты қайырымдылық концерті өтті. Аталмыш шараны тамашалауға жиналған қарасы қалың көрермен арасында аға буын өкілдері, түрлі сала қызметкерлері, жастар қауымы болды.**



**Динара БАТЫРХАЙРОВА,  
«Шу өңірі»**

Қайырымдылық концертіне келген көпшілік әуелі мәдениет үйінің дәлізінде орналасқан мүмкіндігі шектеулі балалардың қолымен жасалып, сатылымға қойылған колөнер бұйымдарымен танысты. Сондай-ақ, ұйымдастырушылар тарапынан мүмкіндігі шектеулі балаларға қолұшын созып, демеушілік жағдайындағы бұйымдар қасына қойылды. Ерекше жандарға қолдау көрсетуді жөн деп тапқан азаматтар арнайы жәшікке және банк қосымшасы арқылы көрсетілген нөмірге көмек қаражаттарын аударып жатса, енді біреулері өздеріне ұнаған дүниелерді сатып алып, қайырымды іске үлес қосты. Айта кететін жайт, бұл қаражат ауданымыздағы мүмкіндігі шектеулі жандардың ем-домына, жалғызбасты қариялардың үй шаруашылығына көмекке жұмсалмақ.

Халық көптеп жиналып, арқа-жарқа басталған сәтте сазды бағдарлама да өз шымылдығын түрді. Аталмыш шара



көпшіліктің зор қошеметіне бөленген «Айжұлдыз» бишілер тобының әсем биімен басталды. Мұнан кейін, «Жан жылуы» қайырымдылық концертінің ашылу салтанатына орай, аудан әкімі Бақытжан Оразалыұлы Жәнібеков сөз сөйледі.

Ол сөзінде баланың адам жүрегінен алатын орнының ерекше екендігін тоқталып, бүгінгі шара барысында өнер көрсететін балалар мүмкіндігі шектеулі болса да, мұндай жандардың арасында шектеусіз мүмкіндікке ие жандардың барын өз өнерлерімен дәлелдеп отырғандығын тілге тиек етті.

– Бала – әрқайсымыздың болашағымыз, еліміздің болашағы. Құрметті ата-аналар! Сіздер мүмкіндігі шектеулі балаларды бағып-қағып, олардың қиялына қанат бітіріп, шектеусіз мүмкіндіктің де барына көз жеткізуге себепші болып келесіздер. «Талаптыға нұр жауар» демекші, бүгінгі мәдени шара соның жарқын дәлелі. Бұл тұста сіздердің балаларыңыздың да еңбегі орасан. Осындай балаларға барынша жағдай жасауға тырысып жүрген ата-аналар қауымына алғысым

зор. Сондай-ақ, игі шара барысында демеушілік көрсетіп жатқан барша жаман жомарт жандарға да айтар алғысымыз шексіз. Сіздердің де әр бастамаларыңыз табысты аяқталып, істеріңізге береке берсін.

Жалпы, осы мәдени шараны ұйымдастырушыларға және оның лайықты өтуіне атсалысқан барша қауымға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Балаларымыз ауырмасын, зор денсаулық, бақытты балалық шақ тілеймін, – деді Бақытжан Оразалыұлы. Өзінің жылы лебізінен соң, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, мүмкіндігі шектеулі балаларға, жалғызбасты қарияларға демеушілік танытып жүрген бірқатар жерлестерімізді «Шу ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапаттады. Марапатқа ие болғандар арасында психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің маманы, мүмкіндігі шектеулі бала-

(Жалғасы 2-бетте) ➔



# Үлкендер жопы қпыпық

Еліміздің болашағы — бүгінгі жастардың қолында, ал олардың бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыруда үлкендердің өмірлік жолдары мен өсиеттерінің маңызы зор.

Осы мақсатта Қарттар күніне орай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназиясында ерекше және тәрбиелік мәні зор жоғарғы сынып оқушылары Шу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Шу ауданының Құрметті азаматы Ержан Өмірәлиевпен кездесті.

Кездесу "Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып" тақырыбымен өтті.Бұл іс-шараның негізгі идеясы — ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты нығайту және өмірлік тәжірибелерден үлгі алу және тек адал еңбек пен елге деген сүйіспеншілік арқылы биік мақсаттарға жету.

Ардагер өз сөзінде: "Біздің міндетіміз — елге қызмет ету, ұрпақтарға жарқын болашақ қалдыру. Біз осы жолды жүріп өттік, енді сіздер біздің ізімізбен жүріп, еліміздің дамуына өз үлестеріңізді қосуларыңыз керек," – деп, жастарға өсиет қалдырды.

Кездесу барысында Ержан Көрікбайұлы өзінің өмірлік жолын, еңбек жолындағы жетістіктерін, қоғамға қосқан үлесін әңгімелеп, оқушыларға адамгершілік, адалдық және еңбексүйгіштік сияқты қасиеттердің маңыздылығын түсіндіре отырып: "Біздің заманымызда елге, жерге қызмет ету – ең үлкен парыз болатын. Біз сол жолды жүріп өттік. Енді сіздер, жас ұрпақ, сол жолды жалғастырып, жаңа соқпақ салуларыңыз керек," – деді.

Одан бөлек, оқушылар ардагерге өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, үлкен өмірлік тәжірибесі бар адамның құнды кеңестерін тыңдады. Ержан Көрікбайұлы жастардың білім алуға, туған жерге қызмет етуге ұмтылысы олардың болашақта табысты тұлға болуына



негіз болатынын атап өтті. Оқушылар үшін бұл кездесу ерекше әсер қалдырды. Олар ардагердің әңгімелерінен үлкен мотивация алды, әрі осындай кездесулердің маңыздылығын түсінді.

Ардагер кездесуде өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, Шу ауданының тарихына қатысты кітаптарын оқушыларға таныстырды. Ол оқушыларға кітаптарын оқуға кеңес беріп, әрбір кітапта ел тарихы мен тұлғалардың өмірлік жолдары туралы маңызды мәліметтер бар екенін атап өтті.

Кездесуден кейін жоғары сынып оқушылары бұл кездесудің олардың өміріне қаншалықты әсер еткенін айқын сезінді. Оқушылардың бірі: "Бүгінгі айтылған сөздер біздің болашағымызға үлкен сабақ болды. Ол кісінің өмірі бізге үлгі-өнеге. Осындай кездесулер мен тұлғалар бізге көп нәрсені үйретеді, олардың өнегелі өмір жолын білу біз үшін үлкен мәртебе" – деп өз әсерімен бөлісті.

Сыр сұхбат барысында "Үлкендер жолы

ұлылық" деген сөздің мағынасы айқындалды. Аға буынның өмірлік жолы – қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге, олардың болашағына бағыт-бағдар болары сөзсіз. Осы кездесудің негізгі мақсаты – жастарға үлкендердің өмірлік тәжірибесін жеткізу және ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайту болды. Осындай тұлғалардың даналығы мен өсиеттері жастарды патриоттыққа, елге қызмет етуге тәрбиелеуде үлкен үлес қосары сөзсіз.

Осындай кездесулер өскелең ұрпақтың рухани дүниесін байытып, олардың ел болашағына деген жауапкершілігін арттыра түседі. Ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығын түсіндірген жастарға ақыл-кеңес бере отырып, жастардың бойына үлкендердің өмірлік тәжірибесінен тәлім-тәрбие алуға мүмкіндік берген ардагеріміз Ержан Көрікбайұлына алғысымыз шексіз.

**Нүргүл ҚАДЫР, А.Байтұрсынұлы атындағы гимназияның ұстазы.**

## КОНКУРС ӨТЕДІ

**2024 жылдың желтоқсан айының 3 күні Жамбыл облысы, Шу ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізіледі.**  
**Өткізу уақыты сағат 16:00-де. Төле би ауылы, Төле би көшесі №242. Шу ауданы әкімдігінің мәжіліс залы.**

Қазақстан Республикасының жер кодексінің 43-1 бабына сәйкес мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру осы бапта белгіленген тәртіппен және шарттарда шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

**Конкурс келесі жер учаскелеріне жүргізіледі:**

| Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі |              |                 |                |                  |         |                  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------|----------------|------------------|---------|------------------|
| №                                                                                                                                                                                      | Жалпы көлемі | Барлығы егістік | оның ішінде    |                  | жайылым | Орналасқан жері  |
|                                                                                                                                                                                        |              |                 | тәлімі егістік | суармалы егістік |         |                  |
| 1                                                                                                                                                                                      | 8,3          | 8,3             |                | 8,3              |         | «Сауытбек» мжқ   |
| 2                                                                                                                                                                                      | 7,55         | 7,55            |                | 7,55             |         | «Ақтөбе» мжқ     |
| 3                                                                                                                                                                                      | 5,41         | 5,41            |                | 5,41             |         | «Абай» ӨК мжқ    |
| 4                                                                                                                                                                                      | 13,56        | 13,56           | 13,56          |                  |         | «Естемес» ӨК мжқ |
| 5                                                                                                                                                                                      | 9,95         | 9,95            |                | 9,95             |         | «Абай» ӨК мжқ    |
| 6                                                                                                                                                                                      | 8,44         | 8,44            |                | 8,44             |         | «Кемер» ӨК мжқ   |
| 7                                                                                                                                                                                      | 6,0          | 6,0             |                | 6,0              |         | «Кемер» ӨК мжқ   |
| 8                                                                                                                                                                                      | 7,42         | 7,42            |                | 7,42             |         | «Аша» ӨК мжқ     |
| 9                                                                                                                                                                                      | 7,55         | 7,55            |                | 7,55             |         | «Ақтөбе» мжқ     |
| 10                                                                                                                                                                                     | 8,28         | 8,28            |                | 8,28             |         | «Бәйдібек» мжқ   |

**Ескерту:** топырақ орташа сазды, кәдімгі сұр топырақты, су орташа мөлшерлі, бал бонитет деңгейі 8-30.

Азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар үлесі елу пайыздан асатын шетелдік заңды тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау 2024 жылдың 12 қараша айынан 02 желтоқсан айына дейін жүргізіледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

**Жамбыл облысында жаңадан туған нәрестелерге қойылған ең танымал есімдер аталды**



2024 жылдың өткен 9 айында Жамбыл облыстық АХАТ бөлімінде 7966 туу туралы акт жазбалары тіркелген. «Азаматтарға арналған үкімет» Филиалының хабарлауынша, жаңа туған ұлдар арасында- Айсұлтан есімі, қыз балалар арасында- Асылым есімдері танымал болған.

Айта кетейік, биылғы жылы өңірде Айсұлтан есімімен 189 үл бала тіркелді. Мұхаммед есімімен 182 бала тіркелсе, үшінші орынға аз ғана айырмашылықпен Мухаммад есімді 180 бала жайғасты.

Ал қыз балалар арасында танымал есімдер – Асылым (290), Медина (287) және Айлин (280).

Жаңа туған нәрестелер арасында Алихан, Алдияр, Амир, Омар, Айша, Айым, Аяла, Айкөркем есімдері де жиі кездеседі.

Естеріңізге сала кетейік, баланың тууын тіркеуге өтініш берудің бірнеше тәсілі бар: ХҚКО арқылы, электронды үкімет порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банк қосымшалары арқылы. Сонымен қатар, азаматтарға баланың тууын проактивті форматта тіркеу қызметі де қолжетімді. Яғни, бала туғаннан кейін бір тәулік ішінде баланың анасына қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында кезек-кезеңмен сұрату арқылы 1414 нөмірінен құттықтау SMS-і келеді.

**«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Жамбыл облысы бойынша филиалының PR-менеджері.**

**ДӘРІГЕР ЕСКЕРТЕДІ**

## ТҰМАУДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Тұмау – бұл жоғарғы тыныс жолдарына әсер ететін жіті инфекциялық ауру, ауа-тамшы жолымен таралады. Тұмаудың пайда болу себебі иммундық жүйенің әлсіреуі емес, шамадан тыс тоңу емес, арнайы вирус - тұмау вирусы. Тұмаудың инфекция көзі – наукас адам. Жөтелеу, түшкіру және тыныс алу кезінде наукас адамның айналасында жұқтырған «бұлт» – қақырықтың, мұрыннан шыққан шырышты бөлшектер қалыптасады. Ауадағы жұқпалы бөлшектер біртіндеп айналадағы заттарға түседі. Вируспен ластанған үй заттарының қасынан өткенде, үйге тазалық жүргізгенде, осы заттарды қолданғанда, біз байқамай жұқтырылған бөлшектерді еріксіз сілкіп тастаймыз, олар ауаға қайта көтеріліп, адамның тыныс алу жүйесіне енеді. Вирустың тынысалужолынатүсуінежолбермеуүшін қолдарды жиі жуу, қоғамдық орындарда болғаннан кейін және қоғамдық көліктерді пайдаланғаннан кейін мұрын өзегін жуу керек. Бұл бөлшектерді ішке дем тарту – тұмау вирусының дені сау адамның денесіне кіруіне жол береді.

Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 10 күнге дейін, орта есеппен 2 күнді құрайды. Жасырын фазаның ұзақтығы вирустың түріне байланысты. Инкубация кезеңінде тұмау өзін білдірмейді. Одан кейін аурудың көріністері пайда болады, бұл жүйеліліктің сәл өзгеше болуы мүмкін:

Температураның жоғарылауы әдетте аурудың бірінші сағаттарында пайда болады. Тұмау үшін қатты қызба тән, температура 40°C-қа дейін, тіпті одан да жоғары болады.

Әлсіздік, дене сырқырауы, басталатын аурудың алғашқы белгілері болуы мүмкін немесе



алдыңғы тармақта айтылған белгілерді ұстануы мүмкін.

Мұрын бітелуі, түшкіру, тамақтың жиыбырлауы – аурудың жиі кездесетін алғашқы белгілері.

Бірнеше күннен кейін тұмау, жөтел пайда болады, жөтел біріншіден өнімсіздікпен сипатталады – жөтел құрғақ, бұл кеңірдек пен кеңірдекшені «тырнайды», бірақ жөтелмен ештеңе шықпайды. Бірте-бірте жөтел ылғалды болып, қақырық шыға бастайды.

Тұмауға қарсы тиімді құрал – вакцинация. Өз уақытында вакцинациялау тұмауға бірнеше рет шалдығуды азайтады, аурудың жолын жұмсартады, ұзақтығын қысқартыды және асқинулардың алдын алады.

Тұмаумен ауырған кезде, үйде қалып, дәрігерді шақырту қажет. Отбасының басқа мүшелерімен басынша байланысқа түспеу, медициналық бет-перде киіп, жеке гигиена ережелерін сақтау керек. Бұл басқаларға үшін келтірмеу және вирустық инфекцияны таратпау үшін қажет.

Профилактикалық шараларды сақтау, Сізді тұмау ауруынан және оның жағымсыз әсерінен қорғайтыны, есте болсын.

**Г.СТАНБЕКОВА, Шу аудандық орталық ауруханасының дәрігер эпидемиологы.**

*Туған жер- құтты қоныс, жайлы мекен*

*Туған жер - құтты қоныс, жайлы мекен, Сұлусын, табиғатың неткен көркем. Бабамнан мұра болып қалған сені, Жүректің түкпіріне сақтап өтем.*

*Туған жерім - алтын бесік мекенім, Сенде тудым, құшағыңда өсемін. Туған жерім, сен құлтырып жайнайсың, Оралғандай тағы бір гүл көктемім.*

*Отан - ол отбасынан басталады, Отан - ол әр жүректе сақталады. Бабамның ізі қалған өз Отаным, Жыр болып мәңгілікке жатталады.*

*Отаным, отты жүрек ұл-қызың бар, Жарқыраған көңілде жұлдызың бар. Есейіп бауырыңнан түлеп ұшқан, Ұл-қызың бір өзіңе қорған болар.*

**Ханифа ӘДІЛХАНҚОЖА, Д.Қонаев атындағы орта мектептің 7 «Ә» сынып оқушысы. Қонаев ауылы.**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

"Altynalmas Reagents" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 27.11.2024 жылы сағат 12-00-де "Jibek Joly "арнайы экономикалық аймағында қуаты жылына 25 000 тонна натрий цианидін өндіру зауытының құрылысы" жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Шу ауданы, Жамбыл облысы " мекенжайы: Тасеткел а / о, Тасеткел ауылы, Т.Рыскулов көшесі, 7 (әкімдік ғимараты).

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады esoportalk.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tatibat?lang=ru>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады esoportalk.kz, сондай-ақ әл. мекен - жайы- s.agabek@zhambyl.gov.kz

Бейнеконференцбайланысқа қосылуға арналған сілтеме: <https://zoom.us/j/99001024018?pwd=0FDcaor8prJwns8IXLAu2GvjQmkP2N.1>

Конференция идентификаторы: 990 0102 4018

Кіру коды: 757795

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. мекен-жайы – e-mail: [centrescorpoeckt@mail.ru](mailto:centrescorpoeckt@mail.ru) және 8(7232) 768276 телефоны бойынша.

Қоғамдық тыңдауларға қатысуды тіркеу үшін өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы тиіс.

**ХАБАРЛАМА**

Ұлы Отан соғысының «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері, ардагер ұстаз Базылов Нәметтің 100 жылдығына орай үстіміздегі жылғы 23 қараша күні өтетін іс-шараға 1959-1979 жылдары мектеп-интернатта оқыған оқушыларды шақырамыз. Байланыс тел.: 87026983056.

**Ұйымдастыру комиссиясы.**

**МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ**

**Тажирбаева Рая Касымовнаның** 2024 жылдың 16 сәуірінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Автобазовская к-сі, 6 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Б.Ушкенов) жолығулары қажет.

xxx

**Нурманбеков Бекежан Омিরхановичтің** 2024 жылдың 13 мамырында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Автобазовская к-сі, 6 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Б.Ушкенов) жолығулары қажет.

xxx

**Кельбиев Яшар Машаллаевичтің** 2024 жылдың 1 мамырында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Балун Шолақ к-сі, 12 А үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Г.Атабаева) жолығулары қажет.

Тел.: 87015330387.

xxx

**Бойкова Валентина Михайловнаның** 2024 жылдың 3 сәуірінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Өмірзақов) жолығулары қажет. Тел.: 2-36-29, 87017406280.

xxx

**Мигачев Андрей Михайловичтің** 2023 жылдың 15 тамызында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би к-сі, 264 үйде («Қонақ үй») орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Ж.Ажмағамбетова) жолығулары қажет.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАНА

ҚАРЖЫЛЫҚ АЛАЯҚТЫҚТАН  
ҚАЙТСЕК АРЫЛАМЫЗ?

Ақпараттық технология дамыған бүгінгідей заманның ел экономикасының артуына оң ықпалы болғанымен, мұның кейбір тұстары қоғам өкілдеріне кері әсерін де тигізіп келеді. Оған интернеттегі қаржылық алаяқтық бойынша анықталып жатқан қылмыстық істер айқын дәлел. Өкінішке орай, ел үкіметі мұндай сорақылықтың алдын алуға немесе интернет алаяқтарын тұсаулауға дәрменсіз болып отыр. Салдарынан ішпей-жемей несие төлеп, қарызға белшесінен батып жүргендердің қарасы қалындап барады. Бұл баршамызды ойландыратын бүгінгі күннің басты өзекті мәселесі. Өйткені, ішкі істер органдары өкілдерінің мәлімдеуінше, қанша жерден білімді, сауатты болса да, кейде алаяқтықтың шырмауына түскенін өздері байқамай қалатын азаматтар жоқ емес. Бұл тұрғыда интернет қуларының аяласына алданып, қомақты сомада несиеге байланған азаматтарға несие рәсімделген банк басшылығы да, ішкі істер органдары да ешқандай көмек көрсете алмайды.



Динара БАТЫРХАИРОВА,  
«Шу өңірі»

Аудандық полиция бөлімі басшысының жедел істер жөніндегі орынбасары, полиция майоры Шон Ынтымақ Шораұлының айтуынша, мұндай сорақылықтан халықты сақтандырудың жалғыз жолы – профилактикалық жұмыстар. Яғни, жергілікті тұрғындармен жиындар ұйымдастырып, көпшілікке интернет алаяқтығы, одан қалай сақтану қажеттігі турасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, осы тақырып аясында қажетті кеңестерге негізделген парақшалар таратып, оны аудан ішіндегі аялдамаларға, халық көп баратын әлеуметтік нысандарға көптеп ілу арқылы жұртшылық өкілдерін хабардар ету.

- Көп жағдайда интернет алаяқтары банк, полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті қызметкерлері, фирма өкілдері болып хабарласады. Әлеуметтік желілердегі бизнес жобалар бойынша жарнама жасап, өзін қандай да бір фирманың өкілі ретінде алдын ала дайындалған суреттер немесе артқы жағына Мемлекеттік Тү, Елтаңба қойылып, офисте отырған сөтпен түсірілген жалған видеоқоңыраулар арқылы алдап, құрыққа түсіреді. Бірнеше адамдардың өздеріне алғыс білдіріп жатқандығы жайлы жалған видеоларын да көрсетуі мүмкін. Кез келген адамның шотында ақша барын білмесе де, оларға қоңырау шалып, жоғарыда аталғандай түрлі айла-тәсілдермен сол адамның сеніміне кіреді. Мысалы, пирамида секілді «сіз қазір шотыңызға осыншама ақша салсаңыз, сіздің шотыңыздағы ақша қандай да бір қысқа мерзім ішінде осыншама сомаға көбейеді» деген желеумен бір азаматты алдаса, артыныша тағы бір азаматқа хабарласып, оған да дәл осындай тәсілді қолданады. Осылайша, ол бірнеше адамға жалғасып кете береді. Бір уақытта онға жуық адамға дәл осылай хабарласып, сан соқтыруы ғажап емес. Мұны кейде жапа шеккен адамдарға түскен қоңырау нөмірінен анықтаймыз. Өйткені, бірнеше адамға бір уақытта, бір нөмірмен хабарласқандығы белгілі болады. Сондай-ақ, ішкі істер органдарының өкілі болып хабарласып, қандай да бір азаматтың айыппұлы бар екенін айтып,

ақша өндіріп алатындар да кезігеді. Сол себептен, ең бастысы кез келген саналы азамат бөтен нөмірден хабарласқан адамдардың қоңырауын көтермеуі қажет. Көтерген жағдайда еңгіме желісі қандай да бір күдік туындатса, тұтқаны қойып, бірден полиция бөліміне хабарласуы керек,-дейді Ынтымақ Шораұлы.

Өз атына несие рәсімдеп, алданған азамат өзінің алаяқтардың шырмауына іліккенін кеш түсінетін көрінеді. Болатын іс болған соң, банк басшылығына жүгінеді. Банк басшылығы ішкі істер органдарына барып, арыз жазу қажеттігін айтып, органға нұсқайды. Айта кетерлігі, жоғарыда мәлімдегендей, алдану арқылы несиеге ұрынған азаматтың несиеcін банк жауып бермейді. Бар болғаны, ішкі істер органдары өкілдерінің араласуымен қысқа мерзімге, кем дегенде бір-екі айға тоқтата тұруға ғана мүмкіндік жасай алады.Алайда, несие тоқтатылғанымен, оған үстеме пайыз қосылып отырады. Алаяқтарды құрықтау бойынша тиісті құзырлы органдармен тексеріс жүргізілгенімен, оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Өйткені, зерделей келе мұндай адамдардың Ресей, Украина секілді сырт мемлекеттердің адамдары екендігі анықталған. Сондықтан, әр азаматтың белгісіз нөмірден келген қоңырауға қырағы болуы аса маңызды болып тұр.

Полиция бөлімдерінің қызметкерлері көп жағдайда мұндай алаяқтарға жасы үлкен адамдардың алданып қалатындығын, олардың арасында өздерінің алданғанымен қоймай, қажетті соманы алу үшін өз балаларын да алдап, ақша сұрап, оны алаяқтардың шотына салып беретіндердің де кезігетінін айтуда. Сонымен қатар, осындай жағдайға өзіміз саналы, сауатты адам ретінде танитын ауданымыздың білім, темір жол салаларындағы ұстаздар мен теміржолшылар да тап болуда. Өйткені, бұл сала еңбеккерлерінің жалақысы мол болғандықтан, зейнетақы қорына аударылған қаражат көлемі де ауқымды. Осыны орынды пайдалануды білген алаяқтар несиені төлей алмаған жағдайда зейнетақы қорындағы қаражатты арестке қойып, ақшасын алып қою ісін де алға тартады.

Оңтайлы сөтті пайдаланып, біз аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерінен алаяқтардың кез келген адам туралы мәліметке қалай қол жеткізетіндігін, кез кел-

ген адамның телефон нөмірін қайдан білетіндігін сұрадық. Өйткені, мұндай алаяқтар шетел азаматтары бола тұрып, менің телефон нөмірімді қайдан біледі?-деген күдікті сұрақ кез келген саналы азаматтың көкейінде туындайды. Бұл тұста аудандық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі Саттар Джафаровты алаяқтар көп жағдайда ұялы телефондағы «Telegram» қосымшасынан код арқылы кез келген жерлесіміз туралы мәліметке қол жеткізе алатындығын жеткізді. Өйткені, «Telegram» әлемнің көптеген елдеріне кең таралған қосымша болып табылады.

-«Telegram» қосымшасы арқылы түрлі жауапты органдардың өкілдері ретінде хабарласып, кейде сіздің шотыңызға шабуыл жасалайын деп жатқандығын, мұны қайтару үшін қандай да бір мәліметті ( смс коды) баяндау қажеттігін айтып, өзін қарапайым адамға көмектесуші ретінде көрсетеді. Кей жағдайда ҚР қылмыстық кодексінің 423-бабын негізге алып, қорқыту амалын пайдаланады. Осылайша, алдау операциясы басталады. Алданып қалғандар арасында «Халық», «Каспи», «Евразия», «Жусан», «Банк центр кредит» банктірінің тұтынушылары кезігеді.

Мысалы, ағымдағы жыл ішінде ауданымызда 29 адам қаржылық алаяқтыққа ұшырап, барлығы 10 қолмәсізді 423-бабын негізге алып, ескеретін жайт, бір күнде үш адамның бір нөмір арқылы алданғандығы анықталатын болса, бұл бір қылмыстық оқиға болып тіркеледі,-дейді Саттар Джафаровты.

Сонымен қатар, есімін атап көрсетпеуді жөн көрген ол жұырда ауданымызға танымал, білімді, білікті азаматтың бір жыл бойы алаяқтардың шырмауында болып, ақыр соңында он бес миллион теңге несиеге алданғандығын, несие бойынша алаяқтыққа ұшырағандар ең кемінде бір миллион теңгеге алданатынын жеткізді.

Ал, аудандық полиция бөліміне қарасты жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Мамасайтов Нурлан Нұрмұхамедұлының айтуынша, адамдарды алдау үшін алаяқтар «Instagram», «Facebook», «Telegram», «ВКонтакте» әлеуметтік желілерін, «OLX.KZ», «MARKET.KZ», «KOLESA.KZ», «KRISHA.KZ» сайттарын

және «What's App» мессенджерін пайдаланып, жалған интернет-дүкендер, «фейк» парақшалар, сайттар ашып, түрлі тәсілдерді қолданады.

